

Екіншіден, оқушылар арасында шығармашылық топтар құруы және топтағы оқушылар өзара бірлесіп жұмыс істеуі үшін олармен ұйымдастыру жұмыстарын жүргізуі қажет.

Үшіншіден, жоба жұмыстарына қажетті материалдар мен құрал-жабдықтарды дайындау қажет. Сұрақтарға дұрыс жауаптар алу үшін командаларға тапсырмалар беріп, қажетті әдебиеттерді таңдауы керек.

Төртіншіден, оқушылар жобаны орындайды. Мұғалім оқушылар жұмысын ұйымдастырады, кеңес береді, олардың іс-әрекетін мадақтап отырады. Жобалап барысында оқушылар іздену, тану, әрекет жасау жұмыстарын орындайды.

Бесіншіден, Дайын болған жобаларын көрсетіп, қажет жағдайда жобалау жұмысына ішінара түзетулер жасайды.

Алтыншыдан, атқарылған жұмыстардың қорытындысымен жұртшылықты таныстыру (презентация). Мұғалім зерттеу жұмыстарын ұйымдастырады. Мысалы зерттеу кезінде жоғары сынып оқушыларын немесе ата-аналарды шақыруға болады.

Жетіншіден, орындалған жұмысты талдап, бағалайды және кері байланыс жасайды. Мұғалім балалардың іс-әрекетін педагогикалық тұрғыда бағалап, балалардың ынта-ықыласын, қызығушылығын ескереді.

Жас ұрпақты қоғамдық өмірге, отбасындағы қызметке, кәсіпке даярлау, үнемі өзгеріп отыратын әлемде, өмір сүретіні туралы түсінікті қалыптастыру қажеттілігі туындайды. Бұған жету үшін басқаруды дамытуға бағытталған жаңа модельдерді көп қолданған жөн. «Көркем еңбек» пәні мұғалімі жаңа технологияларды меңгеріп, пәнаралық байланыс, кірістіру сабақтарын кеңінен қолдануы қажет. Себебі, оқушы алған теориялық білімін іс жүзінде қолдана отырып, оны өмірімен, өзінің іс - әрекетімен байланыстыра білгенде ғана өзіне де, қоғамға да пайдасын тигізе алады.

Егер бала отбасында еңбек тәрбиесін дұрыс алып шықса, мектепте іскерлікке үйрену оңайға түседі. Өйткені, отбасында алған еңбек дағдылары балаға түрлі мамандықты үйренген кезде жәрдемдесіп, оны игеруді оңайлатып отырады.

Қорыта келе, қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жобалап оқыту технологиясын меңгеру мұғалімнің интеллектуальдық, кәсіби, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адами қабілетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Оқытуда оқушының еңбек біліктері мен шығармашылық қабілетін дамыту үшін жобалап оқыту технологиясы да көп мүмкіндіктерге ие. Көркем еңбек сабақтарында жобалап оқыту үрдісі негізінде оқушыны жеке тұлға ретінде қабылдауы, яғни оқушының өзіндік танымдық іс-әрекетін қалыптастыруға бағыттау, білім беруде жеке оқытуды дамыту болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. <http://orleupvl.kz/kz/na-kursax/1819-2018-07-09-08-27-15>
2. Қисымова Ә.Қ., Увалиева Т.Ж. Оқыту технологиялары. – Алматы. 2007, 204 б.
3. Пахомава Н.Ю. Проектное обучение – что это?// Методист. №1, 2004, 50-54сс.
4. Әбдіғалиева Ш. Мектептегі технология. - Алматы кітап. 2004,

УДК 512.55

Көркем еңбек сабағында ұлттық бұйымдар жасатудың алатын орны

Сейлхан А.Ж.

Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, Қостанай қ.,Қазақстан

Ғылыми жетекші: Абдимонова Д.К.

Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, Қостанай қ.,Қазақстан

Аннотация:Бұл мақала көне заманнан келе жатқан қазақ қолөнерін жоғары бағалап, ұлттық бұйымдарымызға талдау жасап, оның ішінде ою-өрнекті қарастырады. Сонымен қатар, қазіргі таңда көркем еңбек сабағында ұлттық бұйымдар жасатудың алатын орны орасан зор екендігі айтылған.Көркем еңбек сабақтарында ою – өрнек түрлері, аталуы, жасалу техникасымен ғана шектеліп қоймай, оның шығу тарихына даму кезеңдеріне, зерттелу деңгейіне, мазмұны мен жіктелуіне, сәндік қолданбалы өнер салаларында қолданылу барысына және өзгеде ұлт өкілдері өрнектерімен салыстыра отырып оқытуға көңіл бөлінетіндігі айтылған.

Түйін сөздер:Көркем еңбек пәні, Ұлттық нақыштағы ою-өрнек, Көркем еңбек сабағында ұлттық бұйымдар жасатудың алатын орны.

Аннотация:Эта статья высоко оценивает казахское ремесло с древнейших времен, анализирует наши национальные изделия, в том числе и орнамент. Кроме того, было отмечено, что в настоящее время на уроках художественного труда большое место отводится изготовлению национальных изделий. На уроках художественного труда было отмечено, что на уроках художественного труда особое внимание уделяется не только видам орнаментов, их названий, технике изготовления, но и истории его происхождения, этапам развития, уровню изученности, содержанию и классификации, ходу применения в области декоративно – прикладного искусства и обучению в сравнении с узорами других национальностей.

Ключевые слова:Предмет художественного труда, Орнамент в национальном стиле, Место изготовления национальных изделий на уроках художественного труда.

Annotation:This article highly evaluates the Kazakh craft since ancient times, analyzes our national products, including ornaments. In addition, it was noted that at present, a large place is given to the production of national products in the lessons of art work. During the art work lessons, it was noted that during the art work lessons, special attention is paid not only to the types of ornaments, their names, manufacturing techniques, but also to the history of their origin, stages of development, the level of study, content and classification, the course of application in the field of decorative and applied art and training in comparison with patterns of other nationalities.

Keywords:The subject of the art work, Ornament in the national style, The place where national products are made at art work lessons.

Білім беру саласында жас ұрпақты пәндік біліммен қаруландырып, үйрету ғана емес, олардың бойына өздігінен ізденіп, өзін-өзі дамыта алатын, өзіне-өзі қызмет көрсете алатын, зерттеуді жүргізе білетін, қоғам талабына сай еңбекқор, еңбексүйгіш, мәдениетті, ұлттық рухани-адамгершілікті және шығармашылықпен жұмыс істей алатын іскерлік қабілеттерін дарыту, дамыту, қазақтың ұлттық қолөнерінің ғасырлық тарихы бар мол мұра – мәдениетіміз екендігін танытуды мақсат етеміз. Оқушының зерттеушілік, шығармашылық қабілеттерін дамыту: өз ұлтының тілін, тоқтаусыз өзгерістегі қоғам талабына сай рухани интеллекті, ұлттық мәдениеті мен дінін ғана біліп қоймай, басқа ұлттардың да мәдениеттерін танытып, біліп, оны құрметтеуге, сыйлауға үйретуде, жағымды және жағымсыз іс-әрекеттерді сын көзбен саралай алуға, өзін-өзі басқара алуға, жаңаша жобалар мен идеяларға шығармашыл болуға, былайынша айтқанда оқушының жан-жақты дамуындағы проблемалық жағдайларды туғызатын теориялық маңызды, практикалық тұрғыдан өзекті мәселе болып есептеледі. Сондықтан, жаңаша білім беру жүйесіндегі «Көркем еңбек» білім беру саласының арнайы тарауларын оқыту, сабақта жаңа технологиялар мен шығармашылық жобалау әдістері арқылы оқушылардың өз

бетімен іздену, зерттеу және шығармашылық, іскерлік қабілеттерін дамыту, өмір ағымындағы материалдық қажеттіліктен туындаған бұйымды дайындау технологиясын үйрету, оның экономикалық тиімділігі, дизайн талаптарына сәйкестігі мен жобалау іс-әрекетінің іскерлік қабілеттілігін қалыптастыра отырып, оқушыларға экологиялық және эстетикалық тәрбие беру, еңбексүйгіштікке баулу, шығармашылықпен ойлау қабілеттіліктерін дамыту, тарихи ұлттық мұраларымызды ұрпақтан - ұрпаққа жалғастыруға баулу, болашақ мамандығын дұрыс таңдауға бағыт беру міндетіміз.

Сондықтан заманауи білім ордасы мен ұлағатты ұстаздар ұжымы мемлекеттің саясатына сай аса маңызды міндеттердің жауапкершілігін жеткілікті сезінуде. Бүгінгі таңда педагогтеріміз әлемдік құндылықтарды игеру арқылы рухани дамуға бағыт алған, төл мәдениетін жетік меңгерген, адамгершілік қағидаларын берік ұстанған азаматтарды тәрбиелеуге жұмылуда. Жаңа мазмұндағы бағдарлама бойынша оқытылатын әрбір пәннің тақырыптарын түсіндіру барысында қолданылатын озық үлгідегі әдіс тәсілдер мен амалдарды үдеріске енгізуде. Демек кәсіби шеберлігін шындаған тәжірибелі тәлімгерлер технологияларды тиімді қолдану арқылы сапалы білім бере алады.

Болашағына тиімділік тұрғысынан ғана қарайтын, ойы мен пікірін ашық айта алатын, жан жақты дамыған ұл-қыздарымызды белгілі бір пәнге қызықтырып, оның өміріне тигізер зор пайдасын ұғындыру көркем еңбек сабағынан тәлім үйрететін мұғалімдердің де алдында тұрған мақсат пен міндет болып табылады. Көркем еңбек пәнінің пәндік ерекшелігі, ол қандай ақпараттармен қамтамасыз етілсе де, қандай жаңашыл технологиялармен жұмыс жүргізілсе де негізгі жұмыс дағдысы «ұлттық» болып қала береді. Себебі пәннің негізі ұлттық этнографиядан құралғандығы баршамызға белгілі. Сондықтан да мектептегі көркем еңбек сабақтары ұлттық қолөнерді оқып үйренуге, жаңандырып, құрметтеп дамытуға ерекше көңіл бөледі.

Оның ішінде ұрпаққа деген өсиетін таңғажайып қолөнер туындыларымен жеткізген бабаларымыздан сабақтасқан ұлттық бұйым түрлерін оюлап, өрнектеп безендіру өнерінің орны ерекше. Халқымыздың ғасырлар талқысынан сүрінбей өткен асыл қазынасы ою – өрнектерін көркем еңбек сабақтары мен сыныптан тыс үйірмелерде оқытып үйрету барысында білім мекемелерінде айтарлықтай жұмыстар жасалуда.

Көркем еңбек сабақтарында ою – өрнек түрлері, аталуы, жасалу техникасымен ғана шектеліп қоймай, оның шығу тарихына даму кезеңдеріне, зерттелу деңгейіне, мазмұны мен жіктелуіне, сәндік қолданбалы өнер салаларында қолданылу барысына және өзгеде ұлт өкілдері өрнектерімен салыстыра отырып оқытуға көңіл бөлінеді. Әрбір ұстаз өз пәнін қызығушылықпен өткізе алса ғана, бала оған ден қойып, үйренуге, оқып білуге ұмтылады. Сондықтан оқушының пәнге қызығушылығын арттыру үшін, сабаққа қажетті материалдарды көркем әдебиеттерден, баспасөз беттерінен, ақпарат құралдарынан іздестіріп, зерттеп, талдап, көп еңбектенуге тура келеді.

Сабақ барысында көрнекі материалдарды, дайын бұйым түрлерін, үлгі – суреттерді, эскиздерді, видео, слайд фильмдерді барынша қолдануға тырысу керек. Мәселен, осы тақырыпқа арналған жинақ папкасын алып қарастырсақ, тақырып бойынша біршама мәліметтер жинақтап қоюға болады. Қазақтың ұлттық ою өрнектерінің қалыптасып дамуы; ерекшеліктері бойынша сызбасы, жіктелімі, бейнелері мен атаулары, ою – өрнектердің ұлттық бұйымдарда және қазіргі, бұрынғы заманғы киім үлгілерінде қолданылу ерекшеліктері туралы материалдарды көруге болады.

Сонымен қатар сабақ өту барысында ұлттық ою – өрнектеріміздің мемлекеттік рәміздерді әшекейлеу, безендіру барысында да кеңінен қолданылғанын ескере отырып, міндетті түрде білім алушыларға айта кету керек. Мемлекеттік рәміздердің тек көркем бейне ғана емес, ол тәуелсіз мемлекет құру идеясының жаршысы екендігіне және танымал өнер иелерінің, елімізден шыққан біршама ізгі сезімді, терең ойлы, өнер шеберлерінің ғажайып туындылары екендігін бала санасына жеткізіп отыру керек. Оқушы тек оюдың белгілі бір түрлерін оқып, тігіп, үйреніп, безендіріп қана қоймай, әрдайым ізденіс үстінде болу керек.

Рәміз тану аталатын ғылым барын көпшілік біле бермейді. Бұл қорды әрбір тәуелсіз мемлекеттің барлық ресми белгілері құрайды. Яғни елтаңбадан бастап, ту, әнұран және мемлекет басшысының байрағымен бірге ұлттық валюта, мемлекеттік наградалар, шекара, мемлекет картасы есепке алынады. Біздің рәміздеріміздің барлығында дерлік ұлттық белгіміз – таңбамыз ою – өрнек элементтерінің бар екенін жаңа сабақты түсіндіру барысында айтып өтудің тәрбиелік мәні жоғары.

Осы тақырыпқа орай балаларға шығармашылық жобалармен жұмыс жасату қажет деп білемін. Сонымен қатар көркем еңбек пәнінің оқу бөлмесінде ою – өрнек тақырыбына байланысты материалдар, ақпараттар жинақталады. Олар: бейне дискілер, үлгілер, суреттер, оқушы жұмыстары, көркем әдебиеттер, дайын әдістемелік плакаттар, жинақ папкалары, дайын бұйымдар және тағы басқалар. Бүгінгі таңда көптеген білім ошақтарында рәміздер залы, ұлттық этно-мәдени орталықтар, мұражайлар мен ұлттық бұрыштар ашылып, жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

Қазақ елінің топырағынан таралып, суын ішіп жоғарғы дәрежелі білім алып, сол білімдерін басқа ел мамандарына таныта білген және қазақ қолөнерін жоғары бағалап, талдап, зерттеу жасап, оның ішінде ою-өрнекті топтастырып бір жүйеге келтіре білген этнограф, тарихшы, әдебиетші, өнертанушы ғалымдарымызды да айтып өтсек болады. Олар Ш.Уәлиханов, С.Қасиманов, Ж.Шәйкенов, Ұ.М.Әбдіғаппарова М.Мұқанов, Т.К.Бөсенов, Е.Масанов, Б.Тұяқбаева, Ә.Марғұлан, Х.Арғынбаев, Б.Әлмұхамбетов, Б.Ибраев, Ө.Жәнібеков, К.Ибраева, Т.Жанысбеков және т.б. ғалымдар зерттеген.

Халқымыз қолөнерді ертеден қастерлеп, жоғары бағалай білген. Атадан балаға ұласып келе жатқан осы дәстүр кейбір жерлерде ұмытыла бастаған сияқты. Қазіргі дизайнерлер, суретшілер неге қазақтың ұлттық нақыштағы ою-өрнегін қолданбайды, өзінің туындыларына кірістірмейді. Сыртқы жарнамада, үй жиһазында, үй интерьерінде өте аз қолдануда, кейбірі тіпті қолданбайды. Көпшілігі Европалық немесе шығыстық (Қытайлық) және т.б. стильді таңдап, қолдану үстінде. Бұған себеп болып тұрған дизайнердің тұтынушыға ұсынатын стилі де осындай. Ұлттық стилдегі ұсынысы болмаса, ол үйлесімсіз, көңілге қонымсыз, жағымсыз болып келеді. Бейнелеу өнерінің әртүрлі көптеген салалары бар. Мысалы, ағаш өңдеу, жүн, қыл өңдеу, қоржын, киім кешек, кесте тігу. Бұл тек ұлттық өнерге қатысты саласы. Осылардың барлығына дерлік ортақ нәрсе ою-өрнек болып табылады. Халықтың ұлттық нақышын көрсететін, өзге ұлттан ерекшелейтін де ою-өрнек.

Ұлттық болмысымыздың шынайы келбеті, сәндік қолданбалы өнерімізді жаңғырту, түрлендіре отырып дамыту пән мұғалімдерінің еншісінде екені белгілі. Ұлттық қолөнердің тәрбиелік, мағыналық, тағылымдық мүмкіндіктері жоғары, өйткені ол ұрпақ тәрбиесіне кешенді түрде әсер етеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Нурланова У. Н. Ұлттық қол өнер арқылы оқушыларды - эстетикалық тәрбиеге баулу // Молодой ученый. — 2016. — №8.9. — С. 56-59. — URL
2. [https://moluch.ru/archive/112/29220/;](https://moluch.ru/archive/112/29220/)
3. [https://ziatker.kz/docx/;](https://ziatker.kz/docx/)
4. <http://collegiy.ucoz.ru/publ/92-1-0-3172;>
5. <https://bilimdinews.kz/?p=86685>

УДК 7.01

ФОРМИРОВАНИЕ ЭСТЕТИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ У ШКОЛЬНИКОВ МЛАДШИХ КЛАССОВ НА УРОКАХ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ТРУДА

Тыщенко Ю.С.

Костанайский Государственный Педагогический Университет